

**Маңғыстау облысының білім басқармасының
Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№37 «Мәншүк» балабақшасы» жедел басқару құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
Өзін-өзі бағалау жүргізу жөніндегі педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ**

14.03.2023 ж

Қатысқандар: 26 педагог

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өткізілуі туралы.
2. Балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясының міндеттерін бөлу туралы.

Тыңдалды: Өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы Шакирова А.К.

Кеңестің 1 мәселесі бойынша 2023 жылдың шілде айында балабақшаның мемлекеттік аттестаттаудан өткелі жатқанын мәлімдеді. Мемлекеттік аттестаттау 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жүргізілетінін айтты. Осыған байланысты балабақшаның өзін-өзі бағалау комиссиясы құрылғанын мәлімдеді. Педагогтерге оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын, тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілерін жинақтау керек екенін тапсырды.

Кеңестің 2 мәселесі бойынша өзін-өзі бағалау комиссиясы мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы мәлімдеді:

Комиссия мүшелеріне өзін-өзі бағаланатын кезеңге байланысты төмендегі міндеттер жүктелді:

Комиссия мүшесі – әдіскер Рабаева К.И:

- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес мектепалды даярлық топтарының тәрбиеленушілерінің ата-аналарына (заңды өкілдеріне) телеграмм арқылы сауалнама жүргізу
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабы сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін толтыру;
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабы сәйкес педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер жинақтау;
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабы сәйкес медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтерді толтыру;
- оқу-тәрбие жұмыстарының перспективалық жоспарлары мен циклограммаларын PDF форматта сканерлеу;
- тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бақылау мониторингілері мен даму карталарын PDF форматта сканерлеу;
- оқу қызметтер кестесін, күн режимі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен жылдық жоспарларды PDF форматта сканерлеу;
- педагогтердің жоғары немесе арнаулы орта білім туралы дипломдарын (қайта даярлау туралы куәліктерін), біліктілік санаты туралы куәліктерін, біліктілік арттыру курстанының сертификаттарын PDF форматта сканерлеу;

- тәрбиеленушілердің зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;
- шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;
- педагогтер жетістіктерінің нәтижелерін (дипломдарын) PDF форматта сканерлеу;

Комиссия мүшесі – шаруашылық меңгерушісі : Қ.С Чекакова

- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтерді толтыру;
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының талабына сәйкес білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтерді толтыру;

Комиссия мүшесі – есепші Джанаева Р.Р:

- жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелерін жинақтау;

Комиссия төрағасы – директоры А.К Шакирова:

- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау қорытындысын шығару;
- Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағын толтыру.

Шешім:

1. Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелерінің міндеттері бекітілсін.
2. Өзін-өзі бағалау комиссиясы бөбекжайдың мемлекеттік аттестаттау алдындағы өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрағасы :

Хатшы :



Шакирова А.К

Габдуллина Б.